



Жасөспірімдердің заң алдындағы жауапкершілігі

Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және олардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Жас ұрпақ – елдің болашағы. Сондықтан олардың тәрбиесі мен заңға деген құрметін қалыптастыру тек атаның ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті болып саналады. Жасөспірімдердің құқықтары қорғалумен қатар, олардың заң алдындағы жауапкершілігі де бар. Қазақстан Республикасының заңнамасында көмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері нақты көрсетілген.

Қазақстан Республикасының заңдары бойынша көмелетке толмағандар деп 18 жасқа толмаған азаматтар танылады. Олар жасаған құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Заң алдында барлық азамат тең болғандықтан, жасөспірім де өз әрекетіне жауап беруі тиіс.

Жасөспірімдердің құқық бұзушылыққа баруына әртүрлі себептер әсер етеді. Олардың қатарында отбасындағы тәрбиенің әлсіздігі, әлеуметтік желінің теріс ықпалы, бос уақыттың дұрыс ұйымдастырылмауы, жаман ортаға еру және құқықтық білімнің төмендігі бар. Кей жағдайларда жасөспірімдер заң бұзудың салдарын толық түсінбей, эмоцияға беріліп әрекет етеді. Алайда әрбір заңсыз әрекеттің соңы жауапкершілікке әкелетінін ұмытпау қажет.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес, әкімшілік жауапкершілік негізінен 16 жастан басталады. Мысалы, қоғамдық орында тәртіп бұзу, ұсақ бұзақылық жасау, түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүру, темекі немесе алкоголь өнімдерін пайдалану сияқты әрекеттер үшін жауапкершілік қарастырылған. Ал 16 жасқа толмаған баланың әрекеті үшін кей жағдайда ата-анасы немесе заңды өкілдері жауап береді. Бұл – отбасының тәрбиедегі рөлінің маңызды екенін көрсетеді.

Қылмыстық жауапкершілік те заңда нақты белгіленген. Кейбір ауыр қылмыстар үшін жауапкершілік 14 жастан басталады. Олардың қатарына ұрлық, тонау, бұзақылық, денсаулыққа қасақана зиян келтіру секілді әрекеттер жатады. Жасөспірімнің «мен кішкентаймын» деп жауапкершіліктен толық құтыла алмайтыны

осыдан көрінеді.

Соңғы жылдары интернет пен әлеуметтік желідегі құқық бұзушылықтар да көбейіп келеді. Кейбір жасөспірімдер жалған ақпарат тарату, біреуді қорлау, әдепсіз бейнематериал жариялау немесе кибербуллинг жасау арқылы заң бұзатынын аңғармайды. Алайда мұндай әрекеттер де құқықтық жауапкершілікке әкелуі мүмкін. Сондықтан цифрлық мәдениет пен интернет әдебін сақтау өте маңызды.

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу үшін мектеп пен ата-ананың бірлескен жұмысы қажет. Балаға кішкентайынан адалдық, жауапкершілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді құндылықтарды үйрету маңызды. Халық даналығында: «Тәрбие – тал бесіктен» деп бекер айтылмаған. Егер бала отбасында дұрыс тәрбие алып, қоғамнан жақсы үлгі көрсе, оның заң бұзуға бейімділігі азаяды.

Мектептерде құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында түсіндіру жұмыстары, кездесулер, семинарлар өткізіліп тұруы қажет. Құқық қорғау органдары мен дін мамандарының қатысуымен ұйымдастырылатын кездесулер де жасөспірімдерге оң әсер етеді. Себебі заңды білу – құқық бұзушылықтың алдын алудың бір жолы.

Сонымен қатар, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру маңызды рөл атқарады. Спорттық үйірмелер, шығармашылық орталықтар, кітап оқу мәдениеті және қоғамдық жұмыстар жасөспірімнің дұрыс бағытта қалыптасуына ықпал етеді. Бос жүрген жасөспірім жаман ортаға тез ереді. Сондықтан қоғам болып жастарға дұрыс бағыт көрсетуіміз қажет.

Қорытындылай келе, жасөспірімдердің заң алдындағы жауапкершілігі – қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықтың маңызды бөлігі. Әрбір жас өз құқығын ғана емес, міндетін де білуі керек. Заңды құрметтеу – өркениетті қоғамның белгісі. Саналы, білімді әрі жауапкершілігі жоғары ұрпақ қалыптастыру – баршамыздың ортақ міндетіміз. Заңды сыйлаған жас – болашақта елін сыйлайтын азамат болып қалыптасады.

Қ.МЫРЗАБАЙ,
Түркістан облысының дін істері басқармасының
«Дін мәселелерін зерттеу орталығы»
КММ-нің бөлім маманы

Электр тоғының адам өміріне әсері

Электр қуаты – күнделікті тұрмысымыздың ажырамас бөлігі. Алайда оны қауіпсіздік талаптарын сақтамай пайдалану адам өмірі мен денсаулығына үлкен қауіп төндіреді.

Электр тоғы адам ағзасына әсер еткен кезде ауыр зардаптарға

әкелуі мүмкін. Атап айтқанда, адам есінен танып қалуы, тыныс алу және жүрек қызметінің бұзылуы, жүйке жүйесінің зақымдануы ықтимал. Кейбір жағдайларда электр тоғының әсері адам өміріне тікелей қауіп төндіреді.

Сондықтан электр желілерін

пайдалану кезінде және электр қондырғыларына техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстарын жүргізгенде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажет.

Н. ҚАЙҚЫБАЕВ,
Кентау қаласы Төтенше жағдайлар бөлімінің инженері

Хабарландыру!

«Түркістан облысы, Кентау қаласы, Карнак ауылында мал өлекселерін көмуге арналған шұңқырды салу» жұмыс жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсатты алуға арналған материалдарына (ҚОҚ, ҚОЭН, ҚББ, ӨЭББ, ҚОҚ іс-шаралар жоспары) ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Тыңдауларды өткізу орны, күні және уақыты: Түркістан облысы, Кентау қ., Карнак а., Қанайұлы, 2 (әкім. ғим), 14.08.2026 ж. сағ. 12:00-де.

"Корпорация Bai Ken" ЖШС, мекен-жайы: ҚР, Түркістан қ., Тәуке Хан даңғылы, 371 құрылыс, 98, БСН 060440003772, байл.тел.: +7 777 602 2466. Кен орынынң және әсер ету аймағының географиялық координаттары: 43°31'12.7", 68°18'47.7".

Материалдарды әзірлеуші: ЖК Сыдыкова Н., мекен-жайы: Шымкент қ., Қ.Төлеметов көш. 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. Жобалық құжаттамамен танысу ndbecology.gov.kz, <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru>. Қарауға және қосымша ақпаратты 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru арқылы алуға болады. Онлайн қосылымға сілтеме <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>. Конференция идентификаторы: 616 540 8596. Кіру коды 123456.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда "ТО ТР және ТП РБ" ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан қ., Жаңа қала ш.а. 32 көшесі, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

Объявление!

Проводятся общественные слушания в форме открытых собраний по материалам для получения экологического разрешения на воздействие по рабочему проекту «Строительство ямы для сброса туш скота в селе Карнак, города Кентау Туркестанской области» (РООС НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ).

Место, дата и время начала проведения: Туркестанская область, г.Кентау, с.Карнак, ул.Канайулы, 2 (зд.акимата), 14.08.2026 г., в 12:00 часов.

Инициатор намечаемой деятельности – ТОО "Корпорация Bai Ken", адрес: РК, г.Туркестан, пр.Тауке Хан, стр-е 371, БИН 060440003772, конт.тел.: +7 777 602 2466. Географические координаты участка и территории воздействия: 43°31'12.7", 68°18'47.7".

Разработчик материалов: ИП Сыдыкова Н., адрес: г. Шымкент, ул.К.Түлеметова, 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале ndbecology.gov.kz, <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru>. Доп. информацию можно получить по номеру и эл.адресу: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. Ссылка на онлайн подключение <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>. Идентификатор конференции: 616 540 8596. Код доступа 123456.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в ГУ «УПР и РП ТО» по следующим адресам: г.Туркестан мкр.Новый город, улица 32,20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

"Кентау"-"Кентау шұғыласы"

қалалық газеттердің редакциясы ЖШС БҰЙРЫҚ

№16

7 шілде 2026 жыл

2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған партиялық тізім бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттарының сайлауы шеңберінде сайлауалды үгіт-насихат жүргізу үшін «Кентау шұғыласы» апталық қоғамдық-саяси газетінде баспа алаңын ұсыну шарттары мен тәртібі туралы.

Қазақстан Республикасы «Сайлау туралы» Конституциялық заңының талаптарын орындау мақсатында, 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған партиялық тізім бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттарының сайлауы шеңберінде сайлауалды үгіт-насихат материалдарын жариялау үшін «Кентау шұғыласы» апталық қоғамдық-саяси газетінде баспа алаңын ұсынуды ұйымдастыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған партиялық тізім бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттарының сайлауы шеңберінде сайлауалды үгіт-насихат материалдарын жариялау үшін «Кентау шұғыласы» апталық қоғамдық-саяси газетінде баспа алаңын ұсыну шарттары мен тәртібі туралы ереже осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған партиялық тізім бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттарының сайлауы шеңберінде сайлауалды үгіт-насихат материалдарын жариялау үшін «Кентау шұғыласы» апталық қоғамдық-саяси газетінде баспа алаңын ұсынудың төлемақы мөлшері осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған партиялық тізім бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттарының сайлауы шеңберіндегі сайлауалды үгіт-насихатты жүргізу үшін «Кентау шұғыласы» апталық қоғамдық-саяси газетінде баспа алаңын ұсыну шарттары жариялансын.

Директор – бас редактор

Қ. ЗАЙНИШЕВ

"Кентау"-"Кентау шұғыласы"
қалалық газеттердің редакциясы ЖШС
директор-бас редакторының
2026 жылғы 7 шілдедегі №16 бұйрығына
2-қосымша

2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған партиялық тізім бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттарының сайлауы шеңберінде сайлауалды үгіт-насихат материалдарын жариялау үшін «Кентау шұғыласы» апталық қоғамдық-саяси газетінде баспа алаңын ұсыну құны

Қазақстан Республикасы «Сайлау туралы» Конституциялық заңының 28-бабының 3-тармағына сәйкес «Кентау шұғыласы» апталық қоғамдық-саяси газетінде сайлауалды үгіт-насихат материалдарын орналастырудың құны төмендегідей белгіленеді:

Құрылтай сайлауына мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражат есебінен төленетін сайлауалды үгіт-насихат материалдарының құны – 1 шаршы сантиметр үшін 200 (екі жүз) теңге.

Саяси партиялардың сайлау қорларының қаражаты есебінен жарияланатын сайлауалды үгіт-насихат материалдарының құны – 1 шаршы сантиметр үшін 200 (екі жүз) теңге.

Газ жабдығын пайдалану ережелері

Плитаны жағар алдында оның барлық крандарының жабық екеніне толық көз жеткізу қажет. Осыдан кейін ғана плитаның алдындағы негізгі кран ашылады. Содан соң сіріңке жағып, оны оттыққа жақындату керек. Одан кейін кранның тұтқасын басып, оны айналымның төрттен бір бөлігіне бұру арқылы газды жағуға болады.

Б. АНАПИЯ,
Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері

Қауіпсіздікке бейқам қарамаңыз!

Балалардың терезеден құлауы – ауыр жарақат пен қайғылы жағдайларға әкелетін негізгі себептердің бірі. Әсіресе мектеп жасына дейінгі балалар қауіп-қатерді толық сезіне бермейді.

Осыған байланысты Кентау қаласының Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері көпқабатты тұрғын үйлерде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, тұрғындарға қауіпсіздік жадынамаларын таратты.

Мамандар ата-аналарды балаларды қараусыз қалдырмауға және ашық терезелердің маңында ерекше сақ болуға шақырады.

Н. ҚАЙҚЫБАЕВ,
Кентау қаласы Төтенше жағдайлар бөлімінің инженері, азаматтық қорғау капитаны

Табиғатты өрттен қорғайық

Дала өрттерінің басым бөлігі адамның салғырттығынан туындайды. Сөндірілмеген темекі тұқылы, от ошағы немесе табиғат аясына тасталған шыны қалдықтары үлкен өртке себеп болуы мүмкін.

Өрт қауіпті кезеңде далада от жағуға, құрғақ шөп пен қоқыс өртеуге, жанғыш заттарды қалдыруға және темекі тұқылын тастауға болмайды. Сондықтан әр азамат өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтап, табиғатты қорғауға жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Қ. ЗЕРЕНБАЕВ,
Кентау қаласының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға анықтаушысы, азаматтық қорғау капитаны